

Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2017 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының аумағында тіркеу және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 06 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 наурызда № 4103 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабының 3-тармағына, "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысымен бекітілген Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2017 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) әскерге шақыру учаскесіне тіркеу және медициналық куәландыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ү.Қ. Нұртазинаға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Тимирязев ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

А. Ысқақов

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі*

Солтүстік Қазақстан облысы

Тимирязев ауданының

Қорғаныс істері жөніндегі

бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

2017 жылғы 28 ақпан

В.В. Гриб